



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 35 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 7 Ж Ы Л Ғ Ы 1 7 Қ Ы Р К Ү Й Е К
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2007 жылғы 14 қыркүйекте мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	19 978,3	19 828,7
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	18 515,3	18 515,3
Алтын	1 463,0	1 313,4
Ақша базасы, млрд. теңге	1 634,5	1 634,5
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 630,5	1 630,5
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	4,0	4,0
KZT/USD (кезең аяғында)	121,82	127,00
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	708,10	635,70

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2006 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы² таза активтер – бұл жиынтық активтер мен резидент еместер алдындағы міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2007 жылғы қыркүйектің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 5,9 %-ға (немесе 1255,3 млн. долл.) төмендеді.

Ішкі валюта нарығында валюта сату және екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың азаюы таза валюта қорларының төмендеуіне әкеп соқты.

Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 1 278,4 млн. долларға, жүргізілген операциялар және әлемдік нарықтағы бағасының 6,5 %-ға өсуі нәтижесінде алтындағы активтер 23,1 млн. долларға артты.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағамен 6,3 %-ға, ЕАВ-дағы таза активтер 6,5 %-ға өсті, алтындағы активтер 4,6 %-ға азайды.

Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 18 408,8 млн. долл.) еліміздің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен) 38 393,5 млн. долл. құрап, 3,1 %-ға азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азаюы 2007 жылғы қыркүйектің бірінші жартысында ақша базасының 6,7 %-ға (немесе 116,6 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.